

**Еңбек гигиенасы. Пән, мазмұны,
міндеті, әдістері. Еңбек гигиенасы
маманы жұмысын ұйымдастыру және
мазмұны. Еңбек гигиенасы
саласындағы ескертпелі және ағымдық
санитарлық қадағалау.**

Жоспар

- *Еңбек гигиенасы пәні, мазмұны, міндеті, әдістері;*
- *Еңбек гигиенасы маманы жұмысын ұйымдастыру;*
- *ескертпелі және ағымдық санитарлық қадағалау.*

- **Еңбек гигиенасы** – еңбек жағдайының және қоршаған өндірістік орта факторларының еңбек етуші жұмысшылардың ағзасы мен денсаулық жағдайына тигізетін әсерін зерттейтін профилактикалық медицина ғылымының бір бөлімі. Өндірістегі гигиеналық зерттеулердің негізгі мақсаты денсаулықты сақтау, кәсіптік ауруларды болдырмау және өндірістік үдеріс барысында жұмысшылардың тиісті еңбекке қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында аса қолайлы еңбек жағдайларын жасауға бағытталған санитарлық-гигиеналық ұсыныстарды шығару болып табылады.

- Еңбек гигиенасы өндірістегі **еңбек жағдайларын** зерттейді.
- **Еңбек жағдайлары** - әлеуметтік-экономикалық үрдістердің әсерімен қалыптасатын өндірістік факторлардың жиынтығы болып табылады.

Еңбек гигиенасының негізгі міндеттері

- еңбек жағдайларының организмге әсерін сапалық және сандық бағалау
- соның негізінде жұмысшылар денсаулығына зиянды әсердің болмауы жағдайындағы барынша еңбек өнімділігін қамтамасыз етуге қабілетті шаралар жасалып, қолданысқа енгізіледі
- еңбек гигиенасының ағымдағы міндеттері халық шаруашылығының дамуымен анықталады және еңбек жағдайларын барынша жақсартуға және сауықтыруға, кәсіптік ауруларды азайтуға және жоюға бағытталған.

Еңбек гигиенасы

- Гигиеналық нормативтерді (еңбек жағдайларын сауықтыру саласындағы заңнама негізі)
- Өндірістік кәсіпорындарды ұйымдастыру мен ұстаудың санитарлық ережелерін
- Еңбек үрдістері мен жұмыс орындарын, еңбек пен демалыс тәртібін ұтымды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар жасайды.

Еңбек гигиенасы ғылыми пән ретінде өзінің міндеттерін шешуде түрлі зерттеу әдістерін қолданады

Өндірістегі қоршаған ортаны зерттеуде

физикалық және химиялық әдістер

Еңбек үрдісінің сипаты мен өндірістік орта факторларының жұмысшы организмнің физиологиялық реакцияларының динамикасына әсерін бағалау үшін

физиологиялық, биохимиялық, психологиялық және басқа әдістер

Жұмысшы ұжымның еңбек жағдайын, аурушылдығын зерттеу үшін

Клиникалық және санитарлық-статистикалық әдістер

Өндірістік орта факторларын нормалау кезінде

Гөжірибелік зерттеулер (электрофизиологиялық, биохимиялық, патоморфологиялық, гематологиялық, токсикологиялық, эмбриологиялық және басқа да әдістерді қолданумен)

- Еңбек гигиенасы кәсіптік патологиямен, сондай-ақ теориялық және клиникалық пәндермен (аналитикалық химиямен, физикамен, физиологиямен, неврологиямен, дерматологиямен, оториноларингологиямен және т.б.) тығыз байланысты.

Еңбек гигиенасы 2 бөлімнен тұрады:

**1. Жалпы еңбек
гигиенасы**

**2. Жеке еңбек
гигиенасы**



- **Жеке еңбек гигиенасы**

- Өнеркәсіп (тау-кен, металлургия, машина жасау, т.б.) және ауыл шаруашылығы (егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, т.б.) жекелеген салаларындағы еңбек жағдайының адам денсаулығына және жұмысқа қабілеттілігіне әсерін кешенді зерттейді.

● **Жалпы еңбек гигиенасы**

өндірістік ортаның жекелеген факторлары мен еңбек үрдістерінің және олардың бірігіп организмге әсерінің заңдылықтарын зерттейді, олардың қолайсыз әсерінің алдын алу шаралары мен әдістерін жасайды.

● Жалпы еңбек гигиенасының ірі бөлімдеріне еңбек физиологиясы мен өндірістік токсикологияны жатқызуға болады.

ҚР-дағы санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды ұйымдастыру принциптері.

- ҚР-ның Мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қызметі-органдар мен мекемелердің бірыңғай орталықтандырылған жүйесі, олардың басты міндеті қоршаған ортаның қолайсыз факторларының халық денсаулық жағдайына зиянды әсерін болдырмау, анықтап жойып отыру, сан.эпид жағдайға бақылау жасау және кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың санитарлық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді, санитарлық заңдарды адам денсаулығын сақтауға қатысты бөлігін орындауын қадағалау арқылы жұқпалы және кәсіптік аурулардың алдын алу болып табылады.

МСЭК құрылымына мыналар кіреді:

- ҚР ДМң СЭК басқармасы;
- ҚРның тиісті аумақтарында санитарлық эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер;
- РСЭС;
- Облыстық СЭС;
- Қалалық СЭС;
- Аудандық СЭС;
- Теміржол көлігінде мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер;

Еңбек гигиенасы маманы жұмысын ұйымдастыру

- Әуе көлігінде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер;
- ҚР Ішкі істер министрлігіне іс сапары жіберіліп, оның объектілерінде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер;

Еңбек гигиенасы маманы жұмысын ұйымдастыру

- Аса қауіпті және карантинді індет бойынша жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шаралар ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ететін органдар мен мекемелер;
- Обаға қарсы Қазақ ғылыми өндірістік бірлестігі;
- Аймақтық обаға қарсы станциялар;
- Алдын ала және ошақтық дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізетін органдар мен мекемелер.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметті ҚР-ның мемлекеттік санитарлық Бас дәрігері басқарады.

Санитарлық дәрігердің жұмысына қажетті негізгі құжаттар. Еңбекті қорғау және гигиена саласының жұмысын регламенттеуде заңдылықтың 8 деңгейі бар.

- 1 – жоғарғы деңгей – Мемлекеттің жоғарғы органы ҚР-ның Парламенті қабылдаған біздің елдің заңдары (ҚР Конституциясы, Еңбек туралы заңы, ҚР Халықтың денсаулығын қорғау заңы,
- 2 деңгей – ҚР Министрлер кабинетінің және Парламенттің шешімдері.
- 3 деңгей - ҚР Министрлер кабинетінің ғана шешімдері.
- 4 деңгей – Құрылыс нормалары мен ережелері (СНиП), санитарлық нормалар (СН), құрылыс бойынша Мемлекеттік Комитет бекіткен нормативтік құжаттар.
- 5 деңгей – ҚР Мемлекеттік стандарттар комитетінің құжаттары.
- 6 деңгей – ҚР ДМ және т.б. ведомстволар бекіткен ведомствоаралық заңдылық құжаттар.
- 7 деңгей – ведомстволық құжаттар (ҚР ДМ бұйрықтары).
- 8 деңгей – Халықаралық конвенциялар, келісімдер, декларациялар, ережелер.

Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелері келесі функцияларды атқарады

- **Бақылау функциясы** - санитарлық-эпидемиологиялық қызмет барлық өздерінен төменде тұрған санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің жұмысын, сол СЭС-ға қарасты объектілерде санитарлық нормалардың сақталуын бақылауы тиіс. Мысалы, Республикалық СЭС – облыстық, қалалық, аудандық СЭС-ды бақылайды, яғни сол СЭС-ң жұмысын жоспарлауы, жұмысының тиімділігі, есеп-қисап жұмысы т.б. жұмыстарын бақылайды.

- **Оперативті реттеу функциясы** – бақыланатын объектілердегі гигиеналық жағдайды оперативті қадағалау және кезеңдік бағалауды ұсынады. Оған еңбек жағдайын, аурушылдық деңгейіне талдау жүргізу, медициналық қызмет көрсету саласын қадағалау жатады.

- **Ұйымдастырушылық функциясы** – өндірістің басшылығына еңбек жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар мен шараларды жүзеге асыруда көмек беру.
- **Насихаттау функциясы** – салауатты өмір салтын үгіттеу, жұмысшыларды гигиеналық тәрбиелеу, халықты санитарлық тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу.

Санитарлық дәрігердің жұмыс формалары:

**1. Ескертпелі
санитарлық қадағалау**

**2. Ағымдық санитарлық
қадағалау**

- **Ескертпелі санитарлық қадағалау (ЕСҚ)** – қандай да болмасын өнеркәсіп орындарына жер учаскесін бөлу, жобалау, құрылысын салу, реконструкциясын жүргізу, эксплуатацияға беру, өндірісте жаңа технологиялық процесс, технологиялық жабдықтарды, қандай да болмасын жаңа химиялық заттарды енгізуде халықтың денсаулығын сақтау мақсатында санитарлық нормалар мен ережелердің сақталуын қадағалау.

- **Ағымдық санитарлық қадағалаудың (АСҚ) мақсаты** – өнеркәсіп орындары мен ауыл шаруашылық объектілерінің санитарлық жағдайын, еңбектің санитарлық-гигиеналық жағдайын, берілген өндірістерде еңбекті қорғау бойынша заңдылықтардың, санитарлық нормалар мен ережелердің сақталуын жүйелі түрде қадағалау болып табылады.

АҒЫМДЫҚ САНИТАРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ

- АСҚ бойынша бақыланатын объектілерде еңбектің гигиеналық жағдайлары анықталынады, жұмысшылардың денсаулық жағдайы және оған өндіріс ортасының факторларының әсері бағаланады. Аурушылдық деңгейіне, кәсіптік уланулар мен аурулар деңгейіне және құрылымына аса көңіл аударылады. Сонымен қатар алдын ала және кезеңдік мед. тексерулермен жұмысшылардың қамтамасыз етілуі, уақтылы жүргізілуіне, жасөспірімдер мен жүкті әйелдердің еңбек ету жағдайы да тексеріледі, еңбек жағдайын сауықтыру бойынша алынған мәліметтерді жинақтап алдын алу шараларын негіздейді.

- **Санитарлық-ағартушылық жұмысы –**
жұмысшылар арасында салауатты өмір салтын
насихаттау – жалпы және кәсіптік аурушылдықтың
алдын алудағы маңызды шараларға жатады

Өндірістік зерзаттардың құрылысы кезіндегі ССҚ
Санитарлық қадағалау кезеңдері (өндірістік, ауылшаруашылық және т.б.) төрт негізгі кезенді қамтиды;

1. Құрылысқа жер участкесін бөлу келісімі.
- 2. Жобалауды бақылау, жобалық құжаттарды талдау кезінде күші бар санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелердің орындалуын санитарлық бақылау.
- 3. Салынып жатқан зерзатты құрылыс барысында санитарлық сақтық қадағалау.
4. Жаңа салынған және реконструкцияланған, пайдалануға тапсырылған зерзаттарды санитарлық бақылау

Алдын ала жоспарлау құжаттары мыналардан тұрады:

- халық шаруашылығының және өнеркәсіп салаларының даму және орналастыру сызба нұсқасы;
- өндірістік күштердің экономикалық аудан бойынша даму және орналастыру сызба нұсқасы;
- өндірістік күштердің даму және орналастыруының бас сызба нұсқасы;
- тұрғын жердің және қала құрылысының бас жоспары;

Алдыңғы жоба құжаттары:

- күрделі зерзаттардың технико-экономикалық негіздеулері
кішігірім зерзаттардың және жеке ғимараттар
құрылыстарының технико-экономикалық есеп айыру
құжаттары

Жер участкесін таңдау және бөлу кезеңіндегі санитарлық дәрігердің іс-әрекет алгоритмі

1. Санитарлық дәрігер жоғарыда келтірілген барлық материалдын ұсынылуын белсенді түрде талап етуі керек.
 2. Ұсынылған материалдардың толықтығын тексеру.
 3. Тиісті нормативтік-техникалық құжаттарды жинау.
 4. Ұсынылған материалдарды қарау.
 5. Бөлінген участкеге шығу.
- Қорытынды жазу.

Зиянды заттардың шығуы мен технологиялық процесс жағдайына байланысты, сонымен қатар атмосфераға шығатын зиянды тастандыларды тазарту шараларының жүргізілуін еске ала отырып, өндірістік кәсіпорындарға сәйкес 5 класқа белінеді. (СН 1.01.001.-94)

СҚА-ның көлемі кәсіпорынның класына байланысты тағайындалады:

I класс - 1000 м

II класс- 500 м

III класс- 300 м

IV класс - 100 м

V класс - 50 м

Санитарлық қорғау алабының көлемі келесі кәсіпорындарға белгіленеді:

- атмосфералық ауаға зиянды және ұнамсыз иіс шығаратын және қоршаған ортаны ластайтын көздері бар технологиялық процессті өндірістер.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау орындарымен келісім бойынша жобалық- сметалық құжаттар келесі жағдайда қарастырылады:

1. Жобалық құжаттар күші бар санитарлық- гигиеналық нормалар, ережелер мен инструкция талаптарынан негізделген жеке ауытқулармен талқыланғанда;

2. Жобалық шешімде бекітілген санитарлық- гигиеналық ережелер мен нормалар жоқ болғанда;

Тандамалы бақылау тәртібі кезінде көрсетілген жағдай кезінде жобалық құжаттар зерзат құрылысының территориалдық орналасу негізі бойынша мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарымен келісуге ұсынылады

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары жобаны сараптау үшін құрылыс салатын мекеме өкілінен мынадай материалдарды алуы тиіс:

1. Жобаны қараудан хат-тапсырма
2. Жоба
3. Әкімшіліктің жер участкесін таңдау мен бөлу туралы қорытындысы, міндетті түрде СЭС-ның оң шешімі болу керек.
4. Зерзаттың барлық инженерлік тораптарға қосылуының техникалық жағдайы (рұқсаты)
5. Құрылысты ұйымдастыру жобасы
6. Құрылыстың календарлық жоспары

Жобаға санитарлық-гигиеналық сараптама жүргізу кезінде мынадай нормативтік құжаттар басшылыққа алынады:

1.«Өндірістік объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бұйрық №334

2."Өндірістік жабдыққа қойылатын гигиеналық талаптар және технологиялық процессті ұйымдастырудың санитарлық ережелері" 1.01.002.94

- "Өндірістік кәсіпорындардағы жасанды жарықтандыруға күнделікті және сақтық санитарлық қадағалауды өткізу" (әдістемелік ұсыныстар) 1.01.004.-94

"Өндірістік бөлмелердегі желдету жүйесіне санитарлық-гигиеналық бақылау" (әдістемелік ұсыныстар) 1.01.003.-94